_____, _____ атынан (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____ негізінде әрекет ететін, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, Кондоминиум объектісі болып табылатын көппәтерлі тұрғын үйді басқару туралы осы Шартты жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Шарт _____ мекенжайы бойынша орналасқан көппәтерлі тұрғын үйлерді (тұрғын үй кешенінің атауы және оның нақты орналасқан жері (тольғы пошталық мекенжайы) қамтамасыз ету мақсатында жасалды.

1.2. Осы Шарт көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелерінің жиналысының шешімі (жиналыстың 20__ жылғы "___" _____ № __ хаттамасы) негізінде жасалды.

1.3. Көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкінің құрамы мен техникалық жай-күйі туралы мәліметтер шарт жасаған сәтте осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес Көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкінің түгендеу тізбесіне жазылады.

2. Шарттың мәні

2.1. Осы Шарт бойынша Бірлестік/Жай серіктестік кондоминиум объектісін басқару жөніндегі жұмыстарды орындауға, көппәтерлі тұрғын үйді басқару мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған барлық қажетті заңдық және нақты әрекеттерді Бірлестік/Жай серіктестік атынан және есебінен жасауға тапсырма береді, ал Басқарушы өзіне міндеттеме алады.

2.2. Көрсетілген тапсырманы орындағаны үшін Бірлестік/Жай серіктестік Басқарушыға осы Шарттың талаптарына сәйкес сыйақы төлейді.

3. Тараптардың міндеттері

3.1. Бірлестіктің/Жай серіктестіктің міндеттері:

3.1.1. Көппәтерлі тұрғын үйдегі жалпы мүлікті оның мақсатына сәйкес пайдалану.

3.1.2. Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналысының шешімімен белгіленген тәртіpte осы Шарт бойынша ұсынылған қызметке уақтылы ақы төлеу,

3.1.3. Басқарушыға азаматтардың өмірі мен денсаулығына, қауіпсіздігіне қауіп төндіретін желілердің, жабдықтардың, есепке алу аспаптарының ақаулықтары анықталғаны, коммуналдық көрсетілетін қызметтер сапасы параметрлерінің төмендегені туралы дереу хабарлау;

3.1.4. Осы Шарт шенберінде заннамаға сәйкес өзге де міндеттерді атқару.

3.2. Басқарушының міндеттері:

3.2.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес көппәтерлі тұрғын үйді басқару.

3.2.2. Пәтер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің тізімін қалыптастыру және олармен кондоминиум объектісін басқару жөнінде қызмет көрсету туралы шарттар жасасу;

3.2.3. Жиналыстарды өткізуі үйымдастыру үшін материалдар дайындауды жүзеге асыру;

3.2.4. Үй кеңесі мен жиналыс шешімдерінің орындалуын үйымдастыру;

3.2.5. Көппәтерлі тұрғын үйдегі ортақ мүліктің құрамына кіретін объектілердің сақталуын қамтамасыз ету;

3.2.6. Сервистік қызмет субъектілерімен қызмет көрсету туралы шарттар жасасу және орындау;

3.2.7. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету, оларға ақы төлеу, сондай-ақ кондоминиум объектісінің ортақ

мұлкін күтіп-ұстаяға арналған коммуналдық қызметтер көрсету туралы шарттардың орындалуына мониторинг жүргізу;

3.2.8. Бір құнтізбелік жылға кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстаяға арналған шығыстар сметаларының жобаларын, кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстаяға жөніндегі ай сайынғы және жылдық есепті жасау, оларды үй кеңесінің қарауына ұсыну;

3.2.9. Кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстаяға жөніндегі ай сайынғы есепті үй кеңесіне ұсыну;

3.2.10. Пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне қызметтің негізгі көрсеткіштері туралы, қызмет көрсетуге және кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстаяға жөніндегі жұмыстарды орындауға жасалған шарттар, оларды көрсету тәртібі мен шарттары, құны туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету;

3.2.11. Коммуналдық қызметтердің сапасына және оларды пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне берудің үздіксіздігіне мониторингті жүзеге асыру;

3.2.12. Кондоминиум объектісін басқару жөніндегі шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде үй кеңесіне немесе мұліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасына не жай серікtestіktің сенім білдірілген адамына қабылдау-тапсыру актің негізінде мыналарды беруге міндетті:

қаржылық құжаттама (бастапқы, есепке алу құжаттары, қаржылық есептілік, ағымдағы шот бойынша операцияларға байланысты құжаттар), сондай-ақ қаржылық құжаттаманың көшірмелері;

көппәтерлі тұрғын үйге техникалық құжаттама;

жиналыс хаттамалары;

сервистік қызмет субъектілерімен және коммуналдық қызмет көрсететін үйымдармен қызмет көрсету туралы жасалған шарттардың көшірмелері;

кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстаяға бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау актілерінің көшірмелері;

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстаяға байланысты өзге де құжаттар;

кондоминиум объектісінің ортақ мұлкінің құрамына кіретін үй-жайлардың кілттері, кондоминиум объектісінің ортақ мұлкінің құрамына кіретін жабдықтарға қол жеткізудің электрондық кодтары;

кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін пайдалану үшін қажетті өзге де техникалық құралдар мен жабдықтар.

4. Таралтардың құқықтары

4.1. Бірлестік/Жай серікtestіk:

4.1.1. Осы Шарттың белгіленген стандарттары мен нормаларына және талаптарына сәйкес кондоминиум объектісін басқару, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстau жөніндегі сапалы қызметтерді, коммуналдық қызметтерді уақтылы алады;

4.1.2. Белгіленген тәртіппен Басқарушының кінәсінен келтірілген залалдарды өтеуді талап етеді;

4.1.3. Көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкін күтіп-ұстauды жүзеге асыратын ұйымдар туралы (атауы, байланыс телефондары, авариялық қызметтердің телефоны), коммуналдық және өзге де қызметтерді жеткізуі ұйымдар туралы ақпарат алады.

4.1.4. Осы Шартты іске асыру мақсатында Басқарушы компания жасасқан шарттармен танысады.

4.1.5. Кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстau жөніндегі ай сайынғы есепті қаруға, қарсылық білдірге және қабылдайды;

4.1.6. Көппәтерлі тұrғын үйдегі ортақ мүлікті күтіп ұстau және жөндеу бойынша жұмыстарды жоспарлауға, жұмыс жоспарын өзгерту кезінде шешімдер қабылдауға қатысады;

4.1.9. Басқарушының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) мемлекеттік органдарға, тұrғын үй қорының сақталуын жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарға немесе өзге де бақылауды органдарға, сондай-ақ, сотқа өздерінің құқықтары мен мұдделерін қорғау үшін шағымданады;

4.1.10. Осы Шарт бойынша Басқарушының жұмысын және міндеттемелерінің орындалуын бақылауға. Басқарушыдан осы Шартты орындауға байланысты мәселелерге (сауалдарға) жазбаша жауап беруді талап етеді.

4.2. Басқарушы:

4.2.1. Осы Шартта көзделген міндеттерді орындау мақсатында жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге үшінші тұлғалармен шарттар жасайды.

4.2.2. Бірлестіктің/Жай серіктестіктің осы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзыу нәтижесінде өзі шеккен залалдарды өтеуді заңнамада белгіленген тәртіппен талап етеді;

4.2.3. Бірлестіктен/Жай серіктестіктен өзінің кінәсінен көппәтерлі үйдегі ортақ мүлікті жөндеуге жұмсалған шығындарды өтеуді талап етеді.

4.2.4. Көппәтерлі тұrғын үйдегі пәтерлердің, тұrғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің жиналышында айқындалған шарттарда берілген қызметтік үй-жайларды және олардың мақсатына сәйкес басқа да мүлікті пайдаланады.

4.2.5. Көппәтерлі тұrғын үйдегі ортақ мүлікті күтіп-ұстauға және жөндеуге арналған жарналардың мөлшері туралы пәтерлер, тұrғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жиналышына ұсыныстар енгізеді.

4.2.5.1. Тұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелерінің жиналышына тұрақ орындарын, қоймаларды күтіп-ұстau үшін жарналардың мөлшері туралы ұсыныстар енгізеді.

- 4.2.7. Көрсетілетін қызметтер үшін төлемдерді уақтылы төлеуді талап етуге.
- 4.2.8. Кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұсташа арналған коммуналдық қызметтер үшін төлемдер бойынша берешекті өндіріп алу бойынша шаралар қабылдайды.
- 4.2.9. Көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналышының шешімі бойынша мақсатты алымдарды жүзеге асырады.
- 4.2.10. Үйге ортақ есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес ресурстарды тұтынуды есепке алуудың дұрыстығын тексеруді ұйымдастырады.
- 4.2.12. Орнатылған үйге ортақ есепке алу аспаптарының жұмысына және пломбалардың сақталуына тексеру жүргізеді.
- 4.2.13. Сервистік қызмет субъектілерінің, коммуналдық қызметтерді жеткізушілердің қызметін бақылауды жүзеге асырады.
- 4.2.14. Осы Шарт шенберінде Басқарушы компанияның өкілеттіктеріне жатқызылған заңнамада көзделген өзге де құқықтарды иеленеді.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шенберінде жауапты болады.

5.2. Басқарушы көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мұлкіне өзінің әрекеттері немесе әрекетсіздігі нәтижесінде келтірілген залалды келтірілген залал мөлшерінде өтеуге міндетті.

6. Есеп айырысу тәртібі

6.6. Басқарушыға қызметінің мөлшері пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелері жиналышының шешімінде белгіленеді.

6.7. Басқарушыға қызметін төлеу есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

7. Дауларды шешу

7.1. Осы Шартпен реттелмеген мәселелер бойынша Тараптар арасында туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.

7.2. Даулы мәселелерді келіссөздер жолымен реттеу мүмкін болмаған кезде даулар кондоминиум объектісінің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешіледі.

8. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанды жасалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда жарамды болады.

8.2. Осы Шарт Тараптардың жазбаша келісімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген басқа да жағдайларда өзгертуі немесе бұзылуы мүмкін.

8.3. Бірлестік/Жай серіктестік, егер Басқарушы осы Шарттың талаптарын орындамаса, көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналысының шешімі негізінде Көппәтерлі тұрғын үйді басқару шартын орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы Шарт оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және бір жыл ішінде қолданылады және 20__ жылғы_____ өзінің қолданылуын тоқтатады.

Осы Шарттың қолданылу мерзімін тоқтату (аяқтау) Тараптардың ол бойынша міндеттемелерін тоқтатуға әкеп соғады, бірақ Шарт тараптарын, егер осы Шарттың талаптарын орындау кезінде орын алған болса, оны бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

9.3. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалды.

10. Тараптардың деректемелері

Мұліктің меншік иелері
бірлестігі/Жай серіктестік

(атауы)

Мекенжайы: _____

Өкілі

Тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда)

Колы _____

"Басқарушы"

Мекенжайы:

Өкілі:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған
жағдайда)

Колы _____

Мұліктің меншік иелері
бірлестігі немесе жай серіктестік
пен көппәтерлі тұрғын үйді
басқарушы немесе басқарушы
компания арасындағы шартқа
1-қосымша

Кондоминум объектісі ортақ мүлкінің түгендеу тізбесі

Көппәтерлі тұрғын үйдің орналасқан жері: _____

№	Атауы	Олшем бірлігі	Сандық сипаттамасы	Сапалық сипаттамасы
	Салынған жылы,			
	Пайдалануға берілген күні			
	Кондоминиумтіркел ген күн			
	Жалпы аланы			
	Пайдалы аланы			
	Тұрғын емес үй-жайлардың аланы			
	жертөле			
	шатырасты			
	техникалық қабат			
	Жер участкесінің жалпы аланы			
	Қабаттар саны			
	Кіреберістер саны			
	Секциялар саны			
	Мансардтар			
	Қоймалар			
	Паркингтер			
	Энергия аудиті өткізілген күн			
	энергия тиімділігі сыныбы			
	Соңғы күрделі жөндеу жүргізілген күн			
	Баланстық тиесілігі			
	Кондоминиум объектісіне техникалық зерттеу-қарау жүргізген ұйымның қорытындысы			
1	Сыртқы қабырғалар (жалпы аланы)			
	кірпіш			
	блоктар			
	панельдер			
2	Қасбет:			
	Катау материалдары:			
	кірпіш			

	силикат кірпіш			
	керамогранит			
	алюкобонд			
	ұлутас			
3	Iргетас (жалпы аланы):			
	материал:			
	қадалы			
	таспалы			
	тұтасқұймалы			
	ІҚБ (іргетастық құрылым блоктары)			
4	Жер төле қабырғалары (жалпы аланы):			
	материал:			
	ІҚБ (іргетастық құрылым блоктары)			
	тұтасқұйма			
5	Аражабын			
	материал			
	тұтасқұйма			
	темірбетон			
	ағаш			
6	Баспалдақтар:			
	ьяяныштар:			
	сатылар:			
7	Төбе (шатырасты)			
	типі:			
	еңісті			
	тегіс			
	материал:			
	ағаш			
8	Шатыр			
	материал:			
	метал			
	жабынқыш			
	шифер			
	рубероид			
9	Қоқыс құбыры			
	кіреберістер			
	сатылар			
	таяныштар			

	мандайшалар		
	кіреберіс есіктер		
	энергия үнемдейтін шамның болуы:		
	кіреберістердің терезелері		
	материал:		
	агаш		
	пластик		
1	Лифтілер		
	төлемақы типі:		
	карточкамен		
	тариф бойынша		
	жылу мен жабдықтау		
	дербес		
	орталық		
	пешпен		
	жылу кірмелерінің саны		
	автоматты жылу пункттерінің болуы:		
	жылу энергиясының үйге орта есепке алу аспаптарының (жылуды есепке алу аспабы)		
1	Су құбыры		
	материал:		
	металл		
	пластик		
	су құбырының диаметрі		
	үйге ортақ есепке алу аспабының болуы		
1	Су бұру		
	құбырдың диаметрі		
	материал:		
	металл		
	пластик		
1	Газбен жабдықтау		
	үйге ортақ есепке алу аспабының болуы:		

1	Жылумен жабдықтау			
	үйге ортақ есепке алу аспабының болуы			
	үйге ортақ есепке алу аспабының саны			
	үйге ортақ есепке алу аспабының маркасы			
	Ток өткізетін кабель желілері мен сымдары			
	мыс			
	алюминий			

Ескертпе: атауы тараптардың келісімі бойынша толықтырылуы мүмкін Бірлестік тәрағасы/Жай серіктестіктің сенім білдірілген тұлғасы

Тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда)

Басқарушы: _____

Тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда)

Үй кеңесі: _____

Тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс

министрінің

2024 жылғы 19 қаңтардағы

№ 24 Тізбеке

5-қосымша

Қазақстан Республикасы

Индустрия және

инфрақұрылымдық даму

министрінің

2020 жылғы 30 наурыздағы

№ 166 бұйрығына

1-қосымша

Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) мүліктің меншік иелері бірлестігі тәрағасының, жай серіктестіктің сенім білдірілген адамының, көп пәтерлі тұрғын үйді басқарушының, басқарушы

компанияның (бұдан әрі - Атқаруши орган) шығындарын және пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің міндettі төлемдерінің (жарналарының) мөлшерін және орынтақ орындарын, қоймаларды күтіп-ұстай үшін төлемдерін айқындауға бірыңғай тәсілдер белгілеу мақсатында әзірленді.

2. Әдістеме "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) нормаларын негізге ала отырып, кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстай жөніндегі, сондай-ақ орынтақ орындарын, қоймаларды күтіп-ұстаяуға арналған шығындарды есептеу кезінде қолданылады.

3. Әдістеме беруді Атқаруши орган қамтамасыз ететін бекітілген жылдық шығыстар сметасы шенберінде кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстай, сондай-ақ орынтақ орындарын, қоймаларды күтіп-ұстай жөніндегі қызметтер мен жұмыстардың тізбесін көздейді.

4. Басқару шығыстары Заңының 43, 43-1, 48-1-баптарына сәйкес Атқаруши орган жүзеге асыратын кондоминиум объектісін басқару қызметтеріне арналған шығыстарды қамтиды.

5. Кондоминиум объектісін басқаруда мынадай шығыстар:

1) кондоминиум объектісін басқарғаны үшін Атқаруши органға енбекақы (көрсетілетін қызмет) төлемі;

2) бухгалтерлік есепті, статистикалық және салық есептілігін жүргізгені үшін енбекақы (көрсетілетін қызмет) төлемі;

3) бюджетке міндettі төлемдер (салықтар, жарналар, аударымдар және басқалар);

4) банктік қызметтер;

5) есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету үшін төлем;

6) оғишті ұстаяуға (жалға алу, байланыс, интернет, кеңсе тауарлары, ұйымдастыру техникасы және оны ұстай) арналған шығыстар;

7) жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан міндettі сактандыру;

8) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстаяуға арналған шығыстар бойынша төлемдерді басып шығару және өндеу қызметтері үшін ақы төлеу, сондай-ақ күрделі жөндеуге жинақтау, нысаналы жарна үшін;

9) берешекті мәжбүрлеп өндіріп алуға байланысты шығыстар (нотариалдық қызметтер, пошта қызметтері, мемлекеттік баж және басқалар) қамтылады.

6. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстай мынадай шығыстарды:

1) кондоминиум объектісінің жертөле үй-жайларын, паркингтерін және басқа да ортақ пайдалану орындарын дератизациялау, дезинсекциялау, дезинфекциялау;

2) энергетикалық желілердің, сондай-ақ энергия тұтынуды есептейтін аспаптардың тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндettі энергиямен жабдықтаушы ұйымға жүктелген жағдайларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің

үйге ортақ инженерлік жүйелеріне (жылышу, ыстық және сұық сүмен жабдықтау, су бұру, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, желдету) және жабдықтарына техникалық қызмет көрсетеу, авариялық жағдайларды оқшаулау;

3) үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтарды құзгі-қысқы кезеңдерге дайындау (жуу, қысыммен тексеру, реттеу, баптау);

4) кондоминиум объектісін ортақ пайдаланылатын орындардың санитариялық жағдайын қамтамасыз ету (кіреберістерді, холдарды, баспалдақ марштарын, баспалдақ аландарын, лифт кабиналарын ылғалды жинау, сыйыру және жуу және басқа да санитарлық іс-шаралар);

5) кондоминиум объектісінің үй маңындағы аумағының жер участесінің санитариялық жағдайын қамтамасыз ету (көгалдандыру (жасыл желектер мен көгалдарды отырғызу, күту, құлату, кесу), қоқыс құбырын санитариялық тазалау, қазылған шұңқырларды тазалау, аула дәретханаларын жинау және ақтау, жапырақтарды, қар мен мұздақтарды, оның ішінде шатырдан тазалау);

6) үйге ортақ есепке алу аспаптарын, сондай-ақ жылу тұтынуды есепке алу жүйелерін және жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйелерінің элементтерін сатып алу, орнату, сервистік қызмет көрсетеу және тексеру;

7) қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалануды, авариялық жағдайларды ағымдағы жөндеуді және оқшаулауды қамтамасыз ету (лифтілерге қызмет көрсетеу);

8) өртке қарсы жабдықты күтіп ұстауды, өрт сөндіргіштерді, өртке су себетін түтік құбырларын сатып алуды және зарядтауды, қайта зарядтауды, арнайы жазуларды, көрсеткіштерді жүзеге асыруды, эвакуациялау жоспарлары мен схемаларын ресімдеуді қоса алғанда, өртке қарсы іс-шаралар;

8-1) пәтерде, тұрғын емес үй-жайда, қоймада орналасқан жабдық пен кабельді қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің құрамына кіретін көппәтерлі тұрғын үйдің газдану, түтіндеу және су басу дабылы құрылғыларынан, автоматты өрт дабылы жүйелерінен, инженерлік жабдықтарын автоматтандыру және диспетчерлеу жүйелерінен (домофон жүйелері мен жабдықтары, бейнебақылау), телефон байланысы, теледидар және интернет қызметтерін көрсетеу жүйелерінен тұратын әлсіз тоқтарға арналған инженерлік жүйелерді күтіп-ұстаяу және оларға техникалық қызмет көрсетеу;

9) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ағымдағы жөндеу (ақау актісі негізінде);

10) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстаяға тұтынылған коммуналдық қызметтер төлемі;

11) домофон жабдықтарын орнату;

12) алып тасталсын;

13) ірі көлемді қоқыстарды шығаруды қамтиды.

14) ірі габаритті қоқыстарды шығару.

7. Атқарушы органға айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданылған жағдайда, оны кондоминиум объектісін басқару мен күтіп-ұстауға көзделген қаражаттан төлеуге жол берілмейді.

2-тарау. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу

8. Кондоминиум объектісін тексеруді жүргізу кезінде Атқарушы орган жалпы мүлкітің бекітілген түгендеу тізбесі негізінде одан әрі ақау актісі үшін ғимараттың барлық элементтерінің сапалық және сандық сипаттамаларын сипаттай отырып, кондоминиум объектісін тексеру актісін жасайды, сервистік қызмет субъектілері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ағымдағы жөндеуді және тиісті күтіп-ұстауды жоспарлайды.

9. Орындалатын жұмыстардың тізбесі мен құрамына әсер ететін негізгі факторлар мыналар болып табылады: кондоминиум объектісін пайдалану мерзімі, конструктивтік элементтердің материалы, қабаттылығы, үйішлік инженерлік жабдықтар мен техникалық құрылғылардың, үй жанындағы жер участкесінің болуы және сипаттамасы және онда орналасқан кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі болып табылатын объектілер.

10. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған жарналардың мөлшері жұмыстардың тізбесіне, құрамына, кезеңділігіне байланысты және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$B = (P - D) / (S * 12 \text{ ай}),$$

мұндағы:

B - кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың мөлшері;

P - кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сомасы;

D - коммерциялық мақсаттардан (үй-жайларды жалға беруден, антенналарды, жарнамалық қалқандарды орнату) түскен кірістер сомасы;

S - шаршы метрмен есептелетін пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың пайдалы алаңы.

Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сомасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$P = (P \text{ басқару} + P \text{ күтіп ұстай}),$$

мұндағы:

P басқару - осы Әдістеменің 5-тармағында көзделген шығыстар;

P күтіп ұстай - осы Әдістеменің 6-тармағында көзделген шығыстар.

11. Пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың әрбір меншік иесінің кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстaugа жұмсалатын ай сайынғы міндettі жарналардың мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

$$P \text{ меншік иесі} = B * S$$

мұндағы:

P меншік иесі - кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстaugа тиісті пәтерлер немесе тұrғын емес үй-жайлар меншік иесінің міндettі жарналарының мөлшері;

S - жеке (бөлек) меншіктегі шаршы метрмен есептелетін тиісті пәтердің немесе тұrғын емес үй-жайдың пайдалы алаңы.

12. Жабдықтаушылар ұсынатын сұық және ыстық сумен жабдықтау, су бұру, электрмен жабдықтау, жылдыту (жылумен жабдықтау), газбен жабдықтау қызметтерінің көлемін анықтау есептеу құралдарының болуына немесе болмауына байланысты болады.

13. Егер көппәтерлі тұrғын үйде үйге ортақ есепке алу аспаптары орнатылса, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстaugа ұсынылатын коммуналдық қызметтердің құны былайша айқындалады:

электр энергиясы бойынша - үйге ортақ есепке алу аспабының көрсеткіштері мен тұтынушылардың белгілі бір топтарының тарифіне көбейтілген жеке (пәтерлік) есепке алу аспаптарының көрсеткіштер сомасы арасындағы айырма ретінде;

сумен жабдықтау бойынша (шаруашылық-ауыз су сапасындағы сұық су) - үйге ортақ есепке алу аспабының көрсеткіштері мен тұтынушылардың белгілі бір топтарының тарифіне көбейтілген жеке (пәтерлік) есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің сомасы арасындағы айырма ретінде;

су бұру бойынша - сарқынды сулардың саны шаруашылық-ауызсу сапасындағы тұтынылған судың санына тең анықталады, одан кейін тұтынушылардың белгілі бір топтарының тарифіне көбейтіледі;

жылумен жабдықтау және ыстық сумен жабдықтау бойынша - тұтынушылардың белгілі бір санаттары үшін белгіленген меншік иелерінің пәтерлеріндегі жылу энергиясын (жылдыту және ыстық сумен жабдықтау) тұтыну көлемі арасындағы айырмаса (меншік иесінің пәтер ауданы мен тұратындар санына сәйкес есептеу жолымен анықталады) және үйге ортақ есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша жылу энергиясын тұтыну арасындағы айырмаса тарифтің көбейтіндісі ретінде.

14. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстaugа арналған шығыстар сметасына кейіннен есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштері бойынша сметаны нақтылай отырып, жоспарланатын кезеңнің алдындағы кезеңде ортақ мүлкіті күтіп-ұстaugа тұтынылған коммуналдық қызметтердің құны қосылады.

15. Егер көппәтерлі тұрғын үйде үйге ортақ есепке алу аспаптары болмаса, коммуналдық қызметтердің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған құны табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган тұтынушылардың белгілі бір түрі үшін белгілеген тарифтерге, коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтеріне сүйене отырып айқындалады.

16. Орынтарап орнын, қойманы күтіп-ұстау үшін төлем мөлшері жиналыста бекітіледі. Орынтарап орнын, қойманы күтіп-ұстау арналған жарналардың мөлшері паркингтегі жұмыстардың тізбесіне, құрамына және мерзімділігіне, оның ішінде басқару шығындарына байланысты:

Кондоминиум объектісін басқаруда мынадай шығыстар:

1) кондоминиум объектісін басқару үшін Атқарушы органға еңбекақы (көрсетілетін қызметтер) төлемі;

2) бухгалтерлік есепті, статистикалық және салық есептілігін жүргізу үшін еңбекақы (көрсетілетін қызметтер) төлемі;

3) бюджетке міндетті төлемдер (салықтар, жарналар, аударымдар және басқалар);

4) банктік қызметтер;

5) есеп айрысу-кассалық қызмет көрсетеу үшін төлем;

6) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар бойынша төлемдерді басып шығару және өндөу қызметтері үшін ақы төлеу, сондай-ақ күрделі жөндеуге, мақсатты жарнаға жинақтау;

7) берешекті мәжбүрлеп өндіріп алуға байланысты шығыстар (нотариаттық қызметтер, пошта қызметтері, мемлекеттік баж және басқалар) қамтылады.

Күтіп-ұстауға келесі шығындар кіреді:

1) орынтарап орындары мен паркингтің, сондай-ақ қойманың іргелес аумағының санитариялық жай-күйін қамтамасыз ету;

2) паркингтерді дератизациялау, дезинсекциялау, дезинфекциялау;

3) бейнебақылау;

4) паркинг қақпаларын жөндеу, техникалық күтіп-ұстау;

5) өртке қарсы жабдықты күтіп ұстауды, өрт сөндіргіштерді, өртке су себетін тұтік құбырларын сатып алуды және зарядтауды, қайта зарядтауды, арнайы жазуларды, көрсеткіштерді жүзеге асыруды, эвакуациялау жоспарлары мен схемаларын ресімдеуді қоса алғанда, өртке қарсы іс-шаралар;

6) паркингті күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтер төлемі.

7) пәтерде, тұрғын емес үй-жайда, қоймада орналасқан жабдық пен кабельді қоспағанда, газ тарау, тұтінге орану және су басу дабылы құрылғыларынан, автоматты өртке қарсы дабыл беру жүйелерінен, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің құрамына кіретін көппәтерлі тұрғын үйдің инженерлік жабдығын автоматтандыру және

диспетчерлеу жүйелерінен (домофондық жүйелер мен жабдық, бейнебайқау), телефон байланысы, телевизия және интернет қызметтерін көрсету жүйелерінен тұратын тогы әлсіз инженерлік жүйелерді құтіп-ұстасау және техникалық қызмет көрсету.

8) шаруашылық шығыстары (паркингті құтіп-ұстасауға қажетті мүкәммалды, жабдықтар мен материалдарды сатып алу);

9) техникалық қызмет көрсету паркингтің инженерлік жүйелерінің (жылыту, ыстық және суық сұмен жабдықтау, су бұру, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, желдету) және паркинг жабдықтарының (бар болған жағдайда) авариялық жағдайларын оқшаулау.

10) паркингтің инженерлік жүйелері мен жабдықтарын маусымдық пайдалануға дайындау (жуу, престеу, реттеу, баптау және басқалар) (бар болған жағдайда).

17. Паркингте орналасқан бір тұрақ орнын, қойманы құтіп-ұстаганы үшін төлем мөлшері тұрақ орнының, қойманың меншік иесіне арналған формула бойынша есептеледі:

$$B = (P)/(S * 12 \text{ ай.}),$$

мұндағы:

B - тұрақ орнын, қойманы құтіп-ұстасауға арналған жарналардың мөлшері;

P жыл-тұрақ орнын, қойманы құтіп-ұстасауға, оның ішінде басқаруға арналған шығыстар сомасы;

S - шаршы метрмен есептелетін тұрақ орнының, қойманың жалпы ауданы.

Тұрақ орнын, қоймаларды құтіп-ұстасау үстінде жарнаның мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

$$P \text{ меншік иесі} = B * S$$

мұндағы:

P меншік иесі - тұрақ орнын, қойманы құтіп-ұстасау үшін төленетін жарнаның мөлшері;

S - жеке (бөлек) меншіктегі, шаршы метрмен есептелетін тұрақ орнының, қойманың жалпы ауданы.

18. Қоймалар паркингтен тыс жерде орналасқан жағдайда, қойманы құтіп-ұстасау үшін төлем мөлшері осы Қағидалардың 10 және 11-тармақтарына сәйкес кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін құтіп-ұстасауға арналған жарналардың мөлшері қолданылады.

3-тaraу. Кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін құтіп-ұстасау жөніндегі шығыстар сметасын бекіту

19. Пәтерлердің, тұргын емес үй-жайлардың меншік иелерінің жиналысында кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін құтіп-ұстасауға арналған шығыстардың жылдық сметасын бекіту туралы шешім қабылданады.

Жылдық шығыстар сметасын бекіту кезінде пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар құрылымындағы іс-шараларға арналған шығындардың мынадай базалық үлесін ескереді:

- 1) кондоминиум объектісін басқаруға - 30 %-дан артық емес;
- 2) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға - 70 %-дан кем емес.

21. Кондоминиум объектісін өз бетінше басқару кезінде басқару шығындарының үлесі 40 % - ға дейін, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға 60 %- ға дейін жетуі мүмкін.

22. Орынтарақ орындарының, қоймалардың меншік иелерінің жинаалысында орынтарақ орындарын, қоймаларды күтіп-ұстауға арналған шығыстардың жылдық сметасын бекіту туралы шешім қабылданады.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің
2024 жылғы 19 қаңтардағы
№ 24 Тізбеге
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2020 жылғы 30 наурыздағы
№ 166 бұйрығына
2-қосымша

Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшерін есептеу әдістемесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшерін есептеу әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді.

2. Әдістеме жергілікті атқарушы органдар кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төменгі мөлшерін есептеген кезде тұрғын үй қатынастары саласында қолданылады.

3. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшері кемінде үш коммерциялық ұсыныс негізінде міндетті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құнынан қалыптастырылады.

4. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшерін есептеу үшін 1-қосымшага сәйкес

жұмыстар мен қызметтердің міндепті тізбесі мен кезеңділігі пайдаланылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$P = (P \text{ басқару} + P \text{ күтіп ұстау})$$

P - кондоминиум объектілерін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған ең аз шығыстар;

P басқару - осы Әдістеменің 1-қосымшасының 1-тармағында көзделген шығыстар;

P күтіп ұстау - осы Әдістеменің 1-қосымшасының 2-тармағында көзделген шығыстар.

5. Өнір үшін кондоминиум объектілерін басқаруға және кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған ең аз шығын мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$B = P / (S * 12 \text{ ай}),$$

мұндағы:

B - кондоминиум объектілерін басқаруға және кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған жарнаның ең төменгі мөлшері;

P - кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сомасы;

S - шаршы метрмен есептелетін барлық кондоминиумдердің барлық объектілерінің пайдалы алаңы.

6. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді органдары Заңның 10-3 бабының 1-тармағына сәйкес кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төменгі мөлшерін орындалған есеп айырысу негізінде бекітеді.

7. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төменгі мөлшері бір күнтізбелік жыл қолданыста болады, қайта есептеуді жергілікті атқарушы органдар инфляцияны ескере отырып жүргізеді.

8. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төменгі мөлшері пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері шығыстардың мөлшері туралы шешім қабылдамаған немесе меншік иелері бұрын тұрғын үйді күтіп-ұстауға арналған төлемді бекіту туралы шешім қабылдаған көппәтерлі тұрғын үйлерде қолданылады, ол өкілді орган белгілеген үйге ортақ мүлікті күтіп-ұстауға арналған ең төменгі мөлшерден аз.

9. Уақытша басқарушы компания кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшерін ұлғайту коэффициентін ескере отырып қолдануға тиіс:

$$T = B * K$$

Т – "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 42-бабының 1-тармағында айқындалған кондоминиум объектісін басқару нысанын таңдау туралы келісімге қол жеткізілмеген кезде пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері үшін уақытша басқарушы компания белгілейтін жарна мөлшері.

В – кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған жарнаның ең аз мөлшері;

К – 2-қосымшаға сәйкес көппәтерлі тұрғын үйдің пайдалану мерзімі мен сипаттамаларына байланысты кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау шығыстарына ұлғайту коэффициенті.

Кондоминиум объектісін
басқаруға және кондоминиум
объектісінің ортақ мүлкін
күтіп-ұстауға арналған
шығыстардың ең аз мөлшерін
есептеу әдіstemесіне
1-қосымша

Кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қызметтер мен жұмыстардың ең тәменгі тізбесі

№	Іс-шаралар	Мерзімділік
1	<p>Кондоминиум объектісін басқару, оның ішінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) бухгалтерлік есепті, статистикалық және салық есептілігін жүргізу үшін еңбекақы қызметтердің төлемі; 2) кондоминиум объектісін басқару үшін Атқарушы органға еңбекақы қызметтердің төлемі; 3) бюджетке міндетті төлемдер (салықтар, жарналар, аударымдар және басқалар); 4) банктік қызметтер; 5) есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету үшін төлем; 6) оғишті ұстауға (жалға алу, байланыс, кеңсе тауарлары, ұйымдастыру техникасы және оны ұстау) арналған шығыстар камтылады. 	ай сайын
	<p>Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау, оның ішінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) кондоминиум объектісінің жертөле үй-жайларын, паркингтерін және басқа да ортақ пайдалану орындарын дератизациялау, дезинсекциялау, дезинфекциялау; 	жылына 4 рет

	<p>2) энергетикалық желілердің, сондай-ақ энергия тұтынуды есептейтін аспаптардың тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндегі энергиямен жабдықтаушы үйымға жүктелген жағдайларды коспағанда, кондоминиум объектісінің үйге ортақ инженерлік жүйелеріне (жылыту, ыстық және суық сумен жабдықтау, су бұру, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, желдету) және жабдықтарына техникалық қызмет көрсету, авариялық жағдайларды оқшаулау ;</p>	жылыту кезеңінде - тәулік бойы; жылу берілмейтін кезеңде - айна 2 рет
2	<p>3) үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтарды маусымдық пайдалануға дайындау (жуу, қысыммен тексеру, реттеу, баптау және басқалар);</p>	жылына 1 рет
2	<p>4) кондоминиум объектісін ортақ пайдаланылатын орындарының санитариялық жағдайын қамтамасыз ету; (кіреберістерді, залдарды, баспалдақ марштарын, баспалдақ аландарын, лифт кабиналарын ылғалды жинау, сыпыру және жуу және басқа да санитарлық іс-шаралар);</p>	аптасына 1 рет
2	<p>5) кондоминиум объектісінің үй маңындағы аумағының жер участекісінің санитариялық жағдайын қамтамасыз ету (көгалдандыру (жасыл желектер мен көгалдарды отырғызу, күту, кесу), қоқыс құбырын санитариялық тазалау, қазылған шұнқырларды тазалау, аула дәретханаларын жинау және актау , жапырақтарды, қар мен мұздактарды, оның ішінде шатырдан тазалау);</p>	айна 1 рет
	<p>6) энергетикалық желілердің, сондай-ақ энергия тұтынуды есепке алу аспаптарының тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігі энергиямен жабдықтаушы үйымға жүктелген жағдайларды, сондай-ақ жылу тұтынуды есепке алу жүйелерін және жылу тұтынуды реттеудің</p>	жылына 1 рет

автоматтандырылған жүйелерінің элементтерін (қажет болған жағдайда) қоспағанда, үйге ортақ есептеу құралдарына сервистік қызмет көрсету;	
7) өртке қарсы жабдықты күтіп ұстауды, өрт сөндіргіштерді, өрт жендерін сатып алушы және зарядтауды, қайта зарядтауды, арнайы жазуларды, көрсеткіштерді жүзеге асыруды, эвакуациялау жоспарлары мен схемаларын ресімдеуді, өртке қарсы сигнал беру және өрт сөндіру жүйелерін сатып алушы және орнатуды қоспағанда, өртке қарсы іс-шаралар;	жылына 1 рет
8) автоматты өрт дабылы жүйелерінің газдану, тұтіндеу, су басу дабылы құрылғыларынан тұратын тәмен тоқты инженерлік жүйелерді ұстau техникалық қызмет көрсету	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК